

5 тақырып. Еліміздегі туризм.

Еліміздегі туризм

Туризм – әлемде дамуы жағынан дес бермей келе жатқан ауқымы кең сала. Қазақстандағы туризм әлі дамып жатқан, енді қарқын алып келе жатқан сала. Еліміздегі туризм саласын қалыптастыруға және дамытуға географиялық картасы да, орналасу аумағы да, табиғаты да сай келеді.

Қазақстан Республикасын табиғаты керемет қалалар мен қорықтарға толы. Мемлекетеміз жер аумағы бойынша әлем елдерінің арасынан 9 – орынды алады. Сонау кең-байтақ жердің барлығы табиғатқа өте бай. Қазақстанның әр өңірінде туристтерді баурап алатын табиғаты керемет жерлер – таулар, жазық далалар, ормандар, өзендер мен көлдер бар. Археология, тарих және сәулет ескерткіштері Қазақстанда көптеп кездеседі. Жалпы Қазақстан аумағында 12 ұлттық табиғи парк және 10 қорық бар. Негізінен, елімізде туристік сала XX – ғасырдан бастап пайда болған. Сонымен қатар, Қазақстан – емдік-сауықтыру туризмі үшін де өте лайықты болып саналады. Оның себебі табиғи емдік ресурстарды белсенді қолдануында дей аламыз. Ыстық бұлақтар, емдік қасиеті бар батпақтар, климат секілді ресурстар арқылы кеңінен танылған. Қазақстанда қымыз терапиясы, минералды суларды пайдалану қолданылады. Сонымен бірге заманауи құрылғылармен жабдықталған шипажайлар бар.

Қазақстан Дүние жүзі туристік ұйымының мүшелігіне 1993 жылы енген болатын. Жалпы туризмнің салалары көп болып саналады. Қазақстанда туризмнің барлық түрін дамытуға жағдай толығымен қамтамасыз етілген. Қазақстан аумағында Бурабай, Баянауыл, Марқакөл, Катонқарағай, Қарқаралы, Алатау, Хан Тәңірі баурайы, Түлкібас, Шарын шатқалы, Сақ қорғаны, Маңғыстау түбегі сияқты ғажайып жерлер де, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Айша бибі, Арыстан баб кесенесі сияқты тарихи мұралары да көп. Шыңға шыққысы келетін немесе тауға өрмелеуді қалайтын туристтерді қамтамасыз етуге Қазақстанның мүмкіндігі мол.

Қазақстанда бүгінгі күні туризмнің келесі түрлері жетіліп келеді:

Мәдени-танымдық туризм, сауықтыру туризмі, экологиялық туризм, спорттық туризм, діни туризм, іскерлік туризм.

Жалпы алғанда халқымыздың азаматтары көбінесе ішкі туризмді қолдамайды. Барынша шет елге шығып демалғанды дұрыс деп есептейді. Мұның өзі туризмнің аса дамымауына үлкен себеп болып табылады.

Мәтінмен жұмыс:

1-тапсырма. Мәтінді мәнерлеп оқыңыз, аударыңыз.

2-тапсырма. Мәтіннен тірек сөздерді дәптерге жазыңыз.

3-тапсырма. Мәтінге жай жоспар құрыңыз.

4-тапсырма. Қазақстанның қандай шипажайларында демалдыңыз?

5-тапсырма. Туризм саласын дамытуға өзіңіз қандай үлес қосар едіңіз? Өз пікіріңізді жазыңыз.